

Ақпараттық хабарлама

Зейнетақы жинақтарын мұраға қалдыру кезінде нені білу қажет?

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31, 32, 33-баптарына сәйкес міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Зейнетақы жинақтарын мұраға қалдыру өсиет бойынша немесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған не ол бүкіл мұраның тағдырын айқындай алмаған кезде, сондай-ақ азаматтық заңдарда белгіленген өзге де жағдайларда заң бойынша мұрагерлік орын алады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 6-бөліміне (мұрагерлік құқық) сәйкес мұраны алу үшін мұрагер мұраны ашу орны бойынша нотариусқа немесе заңға сәйкес мұраға құқық туралы куәлік беруге уәкілетті лауазымды адамға мұраны қабылдау туралы өтініш не мұраға құқық туралы куәлік беру туралы өтініш тастау арқылы оны қабылдауы тиіс. Мұра ашылған күннен бастап алты ай ішінде, яғни мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап алты ай ішінде мұра қабылдануы мүмкін.

Аталған мәселелер бойынша БЖЗК мен нотариустар арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландыру, сондай – ақ рәсімді жеңілдету үшін ҚР Әділет министрлігі, Республикалық нотариаттық палата, "ҰАТ" АҚ және БЖЗК арасында "Е-нотариат "бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесі" мемлекеттік ақпараттық жүйесі мен БЖЗК ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылы туралы шарт (бұдан әрі-шарт) жасалды.

Нотариустар шарт шеңберінде жүзеге асырылған сервис арқылы қайтыс болған адамдардың жеке зейнетақы шоттарындағы (бұдан әрі – ЖЗШ) ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді алу үшін БЖЗК-ға онлайн режимінде сұраныстар жолдай алады.

Нотариустан қайтыс болған адамның ЖЗШ-сында бар зейнетақы жинақтары түріндегі мұраға құқық туралы куәлікті алғаннан кейін, мұрагер немесе оның сенім білдірілген адамы БЖЗК-ға құжаттар топтамасымен бірге жүгінуі қажет. Құжаттардың толық тізімі осында берілген: <https://www.enpf.kz/kz/services/recipient/heir.php>

Егер мұрагер құжаттар тізбесін толық көлемде берсе, БЖЗК құжаттарды қабылдаған немесе олар БЖЗК-ға келіп түскен күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде БЖЗК төлемді жүзеге асырады.

Айта кету керек! Мұраға қалдырылған зейнетақы жинақтарын төлеу тек қана төмендегілер негізінде жүзеге асырылады:

1. БЖЗК-ға ұсынылған құжаттар;

2. басқа жеке немесе заңды тұлғалар емес, БЖЗК жүзеге асырады;

3. мұрагердің өзінің банк шотына, оның ішінде егер зейнетақы төлемдерін алушы кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз/әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адам болып табылған жағдайда аударылуы мүмкін. Зейнетақы жинақтарын басқа тұлғаның, тіпті заңды өкілдің (қорғаншының/қамқоршының) немесе сенім білдірілген адамның банк шотына төлеуге **жол берілмейді.**

Мұрагер не оның сенім білдірілген адамы, оның ішінде мұраға құқық туралы куәлік негізінде БЖЗК-дан қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы QR-коды бар ЖЗШ-дан үзінді көшірме түріндегі ақпаратты алуға құқылы, онда БЖЗК-ның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған ЖЗШ-дан үзінді көшірменің электрондық нұсқасына веб-сілтеме қамтылады. Бұл ретте ЖЗШ-дан берілген

үзінді көшірменің түпнұсқалығын тексеруге арналған веб-сілтеме ЖЗШ-дан үзінді көшірме берілген күннен бастап 1 (бір) ай ішінде қолжетімді болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).